


**«Ақмола облысы Білім басқармасы,  
Бұланды ауданы білім болімі бойынша  
Макинск қаласының мектеп-лицеї» КММ  
2024-2025 оку жылдарының I жарты жылдығында откізілген  
жұмыстар бойынша тәлімгер есебі**

Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару үйімінде «Жас Ұлан, Жас Қыран» бірыңғай балалар үйімінде оқушылар арасында откізілген Ұланбасы сайлауы иәтижесінен соң сынып әкімдері мен Ұланбасы және мектеп министрлерімен отырыс откізілді. Оттырыс барысында Ұланбасы Эргашева Айдана оқушылармен откізілеттің жұмыстардың жоспарымен таныстырылды. Касенова Айнур оку және білім министрі, Кожакова Мөлдір, Бердікбеккызы Пынар мектеп оқушыларының мәдениет министрі, Дарибай Мадияр спорт министрі оттырыс барысында тағайындалды.

✓ **Мектеп президентін сайлау**

Мектеп оқушыларының өзін - өзі басқару үйімінде негізі ретінде президенттік басқару жүйесі қалыптасқан. Балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін - өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру мақсатында мектеп президентін сайлау өткізілді. Мектеп президентіне үміткер 4 оқушы болды Эргашова Айдана 10 "А" сынып, Шалкенов Әмір "10 А", Нурканова Мөлдір "9а", Омарова Сабина 9 "А". Сайлау қорытындысы бойынша 10 "А" сынып оқушысы Эргашева Айдана мектеп президенті болып сайланды.



Әрбір өткізілеттің іс-шараларға барынша оқушыларды көбірек тартуды қамтамасыз етуге тырыстық.

Жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар:

- ✓ 2024 жылдың 21-ші қазан күні мектеп Парламентінің отырысы өтті. Оттырысты мектебіміздің Президенті Эргашева Айдана парламент мүшелерімен 2024-2025 оку



жылына арналған мектеп Парламентінің жұмыс жоспарын талқыладап, өз көмекшілеріне тапсырмалар берді. Әр анта сайын жүйелі түрде отырыстар өтілетінін мәлім етті.

- ✓ Мектеп Ұланбасының ұйымдастыруымен 5-6 сыныптар футзалдан жарыс өткізілді. Жарыс нәтижесі бойынша: 1 орын 6 Ә, 2 орын 5 А, 3 орын 5 Ә иеленді.



- ✓ "Адал және сатылмайтын еңбек" атты сурет байқауы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру мақсатында "Адал ұрпақ" тәлімгердің ұйымдастыруымен бастауыш сыныптар арасында өткен "Адал және сатылмайтын еңбек" атты сурет байқауына қатысқан оқушылар жүлделі орындарға ие болды.



- ✓ 2 "А" және 3 "А" сыныптарында «Адал-азамат -Адал-еңбек -Адал табыс» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. "Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс" — бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады, деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Адал азамат дегеніміз — жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы

керек. Әрбір адам "Адал азамат" деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды.



- ✓ «Денсаулық күні» мектеп ұстаздары мен оқушылары сапқа тұрғызылып, мектеп директорының м.а Серік Нұртуған спорттық іс-шараларға қатысушыларды құттықтап, оқушыларды салауатты өмір салтын ұстауға, жеке бас гигиасын сақтауға, дene шынықтырумен спортпен шұғылдануға мектеп партасынан - ақ жаман әдептерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдептерді бойына сініруге шақырды. Әр бір азамат спортпен айналысып, әртүрлі спорт секцияларына қатысып еліміздің дені сау, рухы күшті азаматы болып өсулеріне тілекtes екенін білдірді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері: Мазах Әдепхан мен Жапекенов Жанат жарыстың өткізу ережесімен таныстырыды. «Денсаулық күні» оқушылардың спорттық жаттығуларымен басталды.
- ✓ Қарттар айлығының аясында “ Қарттар -асыл қазына” атты мерекелік концерт өткізілді. Мектеп парламентінің қатысуымен концерттік бағдарлама құрылып, оқушылар үздік өнер көрсетті. Мақсаты: жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйласп, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу . Қезіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән



беріп , көзіл аударып , жан-жакты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда.



Қазақстанның өсір-өркендеуіне , еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардакты да аяулы карттарымыздың аркасы деп есептейміз. Саналы ғұмырларын Отан деп, тынымызғы еңбектермен мемлекетіміздің негізін салуга жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің еңбегі ерекше. Олардың өмір жолдары бүгінгі үрпаққа табылmas қазына. Қарттар-біздің асыл қазынамыз.

- ✓ Устаздар күніне байланысты “Устаз ұлы тұлға ” атты мерекелік концерт үйымдастырылып, оқушылар мен мектептің өзін -өзі басқару үйымы “Дублер күнін” үйымдастырды.Мақсаты: Оқушыларды үстазды күрметтеуге, сыйлауға үйрету, үстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Устаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету.Гылым иесі ғалым да, ел қорғаган батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі откен ғарышкер де бәрі-бәрі үстаздан білім, тәлім алған, сондықтан ұлағатты үстаздар сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. МҰҒАЛІМ - мейірімді, ұлағатты, газиз, ақылды, лайықты, іскер, маман.



- ✓ Мектебімізде ағымдағы жылдың 27 желтоқсан күні “Қош келдің Жаңа жыл- 2025!” атты жаңа жылдық мерекелік іс-шарасы өтті. Іс-шараның шымылдығын бастауыш



сыныптары білім алушылары ашып, әсем әндер орындалып, би биленді. Ақшакар, Аяз Ата, Сайқымазактар, ұлу, жылан, мыстан кемпір т.б бүлдіршіндердің көнілін қуантатын кейіпкерлер ортада рөлдерді сомдады.

Мақсаты: Қыс мезгілінде болатын балалардың сүйікті мерекесімен таныстыру. Мерекелік көніл күйлерін ояту. Эр баланың мерекеге қатысуын

қадағалап, мерекені балалардың естерінде қалатындағы етіп откізу, досыңынан орнату көзделді. Балалар Жаңа жыл, қыс мезгілі туралы тақпактарын накышына келтіре айтып, хормен "Шырша", "Жаңа жыл" әнін орындағы. Сондай-ақ Ақшақар биін билеп өте қызықты ойын түрлерін көрсетіп, өз өнерлерін паш еткен бұлдіршіндер Ляз ата дорбасынан сыйлық тәттілерін алғып мерекелік жақсы көніл күймен аяқталды.

- ✓ Мектеп оқушылары әр түрлі тақырыптарда өзлөндіждерге қатысты.



- ✓ Республика күніне оқушылармен сап түзеу өткізілді.

